

**Республикалық ұлан туралы Ережені бекіту туралы, Республикалық ұланның ұйымдық құрылымын анықтау және санын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 18 желтоқсан N 2689. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2004.08.28. N 1428 жарлығымен.

Қаулы етемін:

1. Республикалық ұлан туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп о т ы р ) .

2 . < \* >

3 . < \* >

*ЕСКЕРТУ. 2, 3-тармақтар күшін жойды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.01.22. N 30 жарлығымен.*

4. Республикалық ұлан Қолбасшысы 1995 жылғы 25 желтоқсанға дейін атқаратын міндеттерінің сипаты мен көлеміне сәйкес сержанттар, старшиналар және прапорщиктер лауазымдарында контракт бойынша қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің штаты мен тарифтік разрядын бекітсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1995 жылғы 18 желтоқсандағы

N 2689 Жарлығымен

Бекітілген

**Республикалық ұлан туралы Ереже**

Осы Ереже "Республикалық ұлан туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес әзірленді және аталған Жарлықты жүзеге асыруға бағытталады.

**I. Жалпы ережелер**

1. Республикалық ұлан жеке, Қарулы Күштер Құрамына кірмейтін, арнаулы әскери құрама ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының негізінде құрылған және "Республикалық ұлан туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында белгіленген міндеттерді орындайды.

2. Республикалық ұлан өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Республикалық ұлан туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын, заң және өзге де нормативтік құқықтық

актілерді, Республикалық ұлан Қолбасшысының бұйрықтары мен директиваларын, жалпы әскери жарғылар мен осы Ережені басшылыққа алады.

3. Республикалық ұлан өз міндеттерін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қорғаныс министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен, Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетімен, басқа да орталық атқару органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып орындайды.

*Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1997.03.05. N 3396 жарлығымен.*

*Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1998.02.25. N 3855 жарлығымен.*

4 . < \* >

*Ескерту. 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Президентінің 1998.02.25. N 3855 жарлығымен.*

5. Республикалық ұланның құрамалары мен бөлімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөртабандары, Қазақстан Республикасының тиісті банктерінде бюджеттік және ағымдық шоттары бар заңды тұлға болып табылады.

*Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1998.02.25. N 3855 жарлығымен.*

## **II. Әскери қызметшілердің Республикалық ұланда қызмет өткеруі**

6. Республикалық ұлан Қазақстан Республикасының азаматтарымен шақыру бойынша, әскери қызметшілермен ерікті түрде контракт бойынша, жұмысшылармен және қызметкерлермен Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жасақталады.

7. Республикалық ұланға мерзімді әскери қызметке шақырылатын азаматтарды шақыруды және жасақтауды Республикалық ұлан Қолбасшысы бекіткен жасақтау жоспары бойынша, кандидат Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Республикалық ұланның, шекара және ішкі әскерлерінің режимдік бөлімдеріне шақырылушыларды іріктеп алу тәртібі туралы Ережемен белгіленген талаптарға сәйкес келген ретте, Қорғаныс министрлігі жергілікті әскери басқару органдары арқылы жүзеге асырады.

8. Республикалық ұланға қабылдау кезінде жақсы дене даярлығы бар және бойы кемінде 178 см болатын, әуе-десант әскерлерінде, теңіз жаяу әскерлерінің бөлімдерінде, арнаулы және ерекше мақсаттағы бөлімдерде қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге басымдық беріледі.

9. Республикалық ұланда ерікті негізде контракт бойынша қызмет өткеруге тілек білдірген Қарулы Күштердің, Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі

мемлекеттік комитетінің офицерлері мен прапорщиктері, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамдағы адамдары Республикалық ұлан Қолбасшысының қарамағына жіберіледі.

*Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1998.02.25. N 3855 жарлығымен.*

10. Республикалық ұланда қызмет өткеруге арналған шақырушыларды іріктеп алудың сапасы үшін жауапкершілік Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары мен жергілікті әскери басқару органдарына жүктеледі.

11. Республикалық ұлан үшін офицерлерді даярлау Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің жоғары оқу және әскери оқу орындарында Республикалық ұлан Қолбасшысының жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.

12. Прапорщиктер мен мамандарды даярлау Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен Республикалық ұланның оқу бөлімдерінде Республикалық ұлан үшін көзделген бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

### **III. Республикалық ұланның қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетін ұйымдастыру**

13. Республикалық ұланның қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеті " Республикалық ұлан туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында белгіленген міндеттерді орындау мақсатында жауынгерлік қызмет өткеруді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен төтенше жағдай режимі ахуалында іс-қимыл жасауды көздейді.

14. Аса маңызды мемлекеттік объектілерді күзету жөніндегі жауынгерлік қызмет атқару Республика Президентінің Күзет қызметімен бірлесіп жүргізілетін іс-шаралар кешенін орындауға негізделеді.

15. Республикалық ұлан мен Республика Президентінің Күзет қызметі әскери қызметшілерінің бірлескен қызметтік-жауынгерлік міндеттер орындауы барысында Күзет қызметінің аға лауазымды адамы Республикалық ұланның әскери қызметшілері үшін оперативтік бастық болып табылады.

16. Республикалық ұланның әскери қызметшілері қызметтік-жауынгерлік міндеттер орындауға Республикалық ұланның оқу бөлімінде арнаулы даярлық курсынан өткеннен кейін жіберіледі және оқтын-оқтын күш, арнаулы құралдар мен атыс қаруын қолданумен байланысты жағдайларда іс-қимыл жасауға даярлығына тексеріліп отырады.

17. Республикалық ұланның әскери қызметшілері бірлескен күзет, жедел іздестіру және жедел-постылық шараларды орындау кезінде жеке бронды қорғау және белсенді қорғану құралдарымен, сондай-ақ Республика Президенті Күзет қызметінің оперативтік жарақтарының басқа да түрлерін пайдалана алады.

18. Республикалық ұлан мен Республика Президенті Күзет қызметінің әскери қызметшілерін міндеттер орындауға даярлау кезінде Республикалық ұланның

жауынгерлік техникасы, қару-жарақтары, полигондары, атыс алаңдары, спорт кешені мен Республика Президенті Күзет қызметінің оқу-материалдық базасы бірлесіп пайдаланылады.

19. Төтенше жағдай режимі ахуалында және арнаулы операцияларда іс-қимыл жасау кезінде Республикалық ұланның күштері мен жарақтарын пайдалану тәртібі Республикалық ұлан Қолбасшысының шешімімен белгіленеді.

20. Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің дәстүрлі рәсімдерге, дипломатиялық, хаттамалық және өзге де салтанатты іс-шараларға қатысуы Президенттің Хаттама қызметінің жоспары бойынша жүзеге асырылады.

21. Дәстүрлі рәсімдерге, хаттамалық, дипломатиялық және өзге де салтанатты іс-шараларға қатысатын Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің міндеттерін, бөлімшелерінің құрамын, киім нысанын Республикалық ұлан қолбасшылығы белгілейді.

22. Республикалық ұлан Қолбасшысы орынбасарларының құрамалары, бөлімдері командирлерінің міндеттерін олардың штаттық арналуына қарай Республикалық ұланның Қолбасшысы белгілейді.

*Ескерту. 22-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1997.03.05. N 3396 жарлығымен.*

*Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1998.02.25. N 3855 жарлығымен.*

#### **IV. Республикалық ұланның әскери қызметшілерімен тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмысты ұйымдастыру**

23. Республикалық ұланның әскери қызметшілерімен тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде командирлердің (бастықтардың) тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарлары институтын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 19 қаңтардағы N 1084 Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 22 маусымдағы N 1273 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдары туралы Ережеге" сәйкес жүзеге асырылады.

24. Республикалық ұланның жеке құрамымен жүргізілетін тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөнінде негізгі күш-жігер:

- әскери қызметшілерде патриот-азамат, өз Отанына, Қазақстан Республикасының Президентіне, конституциялық, әскери борышы мен әскери антына адалдық қасиеттерін қалыптастыруға;

- әскери қызметшілердің әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін іске асыруға бағытталады.

25. Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс өзіне қолбасшылығы, офицерлері, құрамалары, бөлімдері мен бөлімшелері жүргізілетін іс-шаралар кешенін енгізеді және бекітілген кешенді жоспарға сәйкес ұйымдастырылады.

*Ескерту. 25-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1998.02.25. N 3855 жарлығымен.*

26. Тәрбие жұмысының негізгі нысаны Республикалық ұлан Қолбасшысы бекітетін оқу жылына арналған тақырыптық жоспарлар мен оқу бағдарламаларының негізінде әскери қызметшілердің барлық санаттарымен жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық даярлық болып табылады.

*Ескерту. 26-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1997.03.05. N 3396 жарлығымен.*

27. Ұланның әскери қызметшілерімен тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстың іс-шаралары қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындаудан бос, белгіленген күндері, күн тәртібіне сәйкес әзірленген типтік аптада өткізіледі.

28. Республикалық ұланда Офицерлер жиналысы жұмыс істейді, оның жұмысы Республикалық ұлан Қолбасшысы бекіткен "Республикалық ұланның офицерлер жиналысы туралы Ереже" мен офицерлердің жалпы жиналысында қабылданған "Ұлан офицерлерінің намыс кодексі" негізінде жүзеге асырылады.

29. Құрамалардың, бөлімдердің командирлері, бастықтары, тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдары мен бөлімшелердің тәрбиелік құрылымдарының лауазымды адамдары құқық тәртібін нығайту және құқық бұзушылықтарды есепке алу мәселелерінде тиісті нұсқаулықтарды басшылыққа а л а д ы .

*Ескерту. 29-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1998.02.25. N 3855 жарлығымен.*

#### **V. Республикалық ұланды материалдық-техникалық, медициналық және қаржылық қамтамасыз ету**

30. Республикалық ұлан құрамалары облыстардың аумағында міндеттер орындаған кезде жергілікті атқару органдары жеке құрамды орналастыру, жергілікті ресурстар есебінен ағымдық үлестің барлық түрлерімен, республикалық және жергілікті бюджет есебінен байланыспен және көлікпен қамтамасыз ету мәселелерін шешеді.

31. Жанар-жағар май материалдарымен қамтамасыз ету жұмсау шығыстарының нормаларына сәйкес аумақтық мұнай базалары арқылы, сондай-ақ мұнай өңдеу зауыттарымен транзиттік өнім беріп тұруға арналған тікелей шарттар бойынша ұйымдастырылады.

32. Республикалық ұланның жеке құрамын азық-түлікпен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлес нормаларына сәйкес бейбіт кезеңге солдаттар, сержанттар, прапорщиктер мен офицерлер үшін бірыңғай

норма бойынша ай сайын, отбасы мүшелері есептелмей, азық-түлік паегі немесе ақшалай өтемақы беріле отырып жүзеге асырылады:

- құрғақ паек - N 10 норма бойынша;
- негізгі паек - N 1 норма бойынша тәулігіне кемінде:
  - ет - 15 г., жартылай шұжықтар - 50 г.,
  - сүтсірне - 25 г., кофе сусыны - 2 г.,
  - қою сүт - 20 г., қосымша беріле отырып жүзеге асырылады.
- Құрметті қарауыл ротасына осы нормаға қосымша бір адамға тәулігіне:
  - ет - 100 г. (салтанатты күтіп алу мен шығарып салу күндері - 200 г.);
  - с и ы р м а й ы - 1 5 г . ;
  - с и ы р с ү т і - 5 0 г . ;
  - ірімшікті қатты сүтсірне - 10 г. берілсін.

Азық-түлікпен қамтамасыз ету республика министрліктері мен ведомстволары арқылы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілермен, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындармен және басқа өнім беріп тұрушылармен тікелей шарттар бойынша ұйымдастырылады.

33. Республикалық ұланды заттық мүлікпен қамтамасыз ету орындалатын міндеттер ескеріле отырып, әскери қызметшілердің әрбір санаты үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нормалар бойынша, Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері мен ведомстволары арқылы меншік нысанына қарамастан өнім жасаушылармен және өнім беріп тұрушылармен тікелей шарттар бойынша жүзеге асырылады.

Монша-кір жуу қызметін көрсету тікелей Республикалық ұланның құрамаларында немесе меншік нысанына қарамастан жергілікті коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарында жүзеге асырылады.

34. Жеке құрамға тұрмыстық қызмет көрсетуді Республикалық ұланның әскери құрамаларының тігін, етік тігу шеберханалары мен шаштараздарды ұйымдастырады.

35. Жиһазбен және казармалық мүкәммалмен қамтамасыз ету республиканың сауда-жабдықтау органдары арқылы және тиесілілік табелі мен әскери қалашықтарда және жатақханалар түріндегі басқа да үй-жайларда қызметтің бүкіл мерзімі ішінде пәтерге орналасу нормаларына сәйкес өнім жасаушылармен тікелей шарттар бойынша ұйымдастырылады.

Офицерлік құрамды, прапорщиктерді, контракт бойынша қызмет өткеріп жүрген мерзімінен тыс әскери қызмет өткерушілерді, әскери қызметші әйелдерді тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үй құрылысына басқа ведомстволармен үлестік қатысуды қоса алғанда, тұрғын үй салу, республикалық бюджет есебінен даяр тұрғын үй салу, сондай-ақ жеке тұрғын үй салу жолымен жүзеге асырылады.

36. Әскери қалашықтарды жаңадан салуды, қайта жаңартуды және жөндеуді жоспарлау мен жүргізу қолданылып жүрген нормативтік актілердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

37. Техникалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша Республикалық ұланның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

38. Автомобиль және бронды танк техникасын тиімді пайдалану және оны пайдалану кезінде мемлекеттік қаражат шығыстарын анықтау мақсатында автомобиль және бронды танк техникасының моторесурстарын жұмсау шығыстарының мынадай жылдық нормалары белгіленеді:

Машинаның типі, моторесурстарды өлшеу бірлігі	Пайдалану топтары			
	жауынгерлік	саптық	көлік	оқу
Бронетранспортерлер	500			2500
А в т о м о б и л ь д е р :				
жеңіл, км	-		60000	24000
жүк, км	-	3000	60000	24000
арнаулы, км	2000	3000	7000	16000
с о н ы ң і ш і н д е :				
жолаушы шағын	автобустары		мен	
азық-түлік арналған	автобустар,		су	және
рефрижераторлар	тасымалдауға автомобильдер,			36000

39. Республикалық ұланды жауынгерлік техникамен, қару-жарақпен және арнаулы құралдармен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі; автомобиль техникасымен, босалқы бөлшектермен және жарақтармен қамтамасыз ету, меншік нысанына қарамастан, өнім жасаушылармен және беріп тұрушылармен тікелей шарттар бойынша жүргізіледі.

Қару-жарақты, оқу-дәрілерді, жарылғыш заттар мен арнаулы құралдарды құрамаларда, бөлімдер мен бөлімшелерде эшалондарға жинақтау Республикалық ұлан Қолбасшысының бұйрықтарымен енгізіледі.

4 0 . < \* >

*Ескерту. 40-тармақ алынып тасталды - ҚР Президентінің 1998.02.25. N 3855*

ж а р л ы ғ ы м е н .

41. Республикалық ұланның жеке құрамын медициналық қамтамасыз ету, медициналық мүлікпен және дәрі-дәрмекпен жабдықтау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің нормалары мен талаптарына орай жүзеге асырылады.

Республикалық ұлан мен Күзет қызметінің әскери қызметшілеріне мамандандырылған медициналық көмек Республикалық ұланның емдеу-оңалту орталығында (госпитальда) және Қорғаныс министрлігінің емдеу госпиталі арқылы көрсетіледі.

Республикалық ұланның медициналық қызметі ұланның, Күзет қызметінің әскери қызметшілеріне, әскери зейнеткерлерге және әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне емхана мен ауруханада медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырып, жүзеге асырады.

Әскери қызметшілер, әскери зейнеткерлер мен олардың отбасы мүшелері демалыс уақытында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етіледі.

Медициналық қызмет әскери қызметшілерді шақыру, запасқа шығару кезінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу мен олардың әскери қызметке жарамдылық дәрежесін анықтау үшін куәландыруды жүзеге асырады.

## **VI. Республикалық ұланның генералдар атқаратын лауазымдарының тізбесі**

*ЕСКЕРТУ. VI-бөлім күшін жойды - ҚР Президентінің 1996.05.08. N 2984 жарлығымен.*